

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы N 1729 «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммунобиологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу ережесін бекіту туралы» Қаулысына сәйкес дәрі-дәрмек сатып алу туралы хабарландыру

1. Тапсырыс беруші: Атырау облысының денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ КМК «Атырау облыстық тері-венерологиялық диспансері»;
2. Тапсырыс берушінің орналасқан мекен-жайы: Атырау қаласы, Владимирская көшесі, 104;
3. Жеткізу шарты ИНКОТЕРМС 2000: DDP;
4. Өтінімдері қабылдау басталу мерзімі: 14 шілде 2016 года, 09:00;
5. Өтінімдері қабылдау аяқталу мерзімі: 20 шілде 2016 года, 18:00;
6. Әлеуетті өнім берушінің сәйкестігін растайтын құжаттар:

1) әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар: дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды көтерме, бөлшек саудада өткізуге әлеуетті өнім берушінің құқығын растайтын лицензиялардың көшірмелері және (немесе) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның хабарламаны қабылдау туралы талоны, халыққа қызмет көрсету орталығының қабылдау туралы белгісі бар хабарламасының көшірмесі немесе медициналық техниканы және медициналық мақсаттағы бұйымдарды көтерме, бөлшек саудада өткізуге электрондық құжат нысанындағы талоны;

тиісті мемлекеттік орган (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға үшін) берген, заңды тұлғаны құрусыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың нотариаттық куәландырылған көшірмесі; бірінші басшының немесе оның міндетін атқарушының қолы қойылған соңғы қаржы жылдың бухгалтерлік баланстың нотариаттық куәландырылған көшірмесі;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесі не заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, жеке куәліктің немесе төлқұжаттың көшірмесі (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға үшін);

заңды тұлға үшін Жарғының нотариаттық куәландырылған көшірмесі (егер Жарғыда құрылтайшылардың, қатысушылардың немесе акционерлердің құрамы көрсетілмеген жағдайда, акцияларды ұстаушылардың тізілімінен үзінді көшірме немесе құрылтайшылардың, қатысушылардың құрамы туралы үзінді көшірме немесе құрылтай шартының нотариаттық куәландырылған көшірмесі);

салық төлеушінің Қазақстан Республикасы бойынша салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екені туралы анықтаманың түпнұсқасы;

әлеуетті өнім беруге қызмет көрсетілетін банктің немесе банк филиалының қолы және мөрі бар әлеуетті өнім берушінің осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі және ипотекалық ұйымдардағы және «Қазақстанның даму банкі» акционерлік қоғамындағы бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарына сәйкес банктің немесе банк филиалының алдындағы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астам созылған мерзімі өткен берешектің жоқтығы туралы анықтаманың түпнұсқасы (егер әлеуетті өнім беруші бірнеше банктің немесе банк филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылған жағдайда, бұл анықтама осындай банктердің немесе банк филиалдарының әрқайсысынан ұсынылады). Анықтама тендірлік өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан кешіктірмей берлуі тиіс. Анықтамаға қол қойған лауазымды тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттың болмауы осындай әлеуетті өнім берушіні біліктілік талаптарына сәйкес емес деп тану үшін негіздеме болып табылмайды;

біліктілігі, мамандығы бойынша жұмыс өтілі көрсетіле отырып, мамандардың болуы және саны туралы мәлімет;

егер әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса және Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде тіркелмеген жағдайда, Қазақстан Республикасының салық органынан осы әлеуетті өнім берушінің Қазақстан Республикасының резиденті еместігі және салық есебіне тұрмайтыны туралы анықтаманың түпнұсқасы немесе нотариаттық куәландырылған көшірмесі беріледі;

2) ілеспелі қызметтер құнын қосқанда жеткізілетін дәрілік заттардың, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың соңғы бағасын құраушы әлеуетті өнім берушінің барлық нақты шығындары құрамына енгізілген әлеуетті өнім беруші ұсынып отырған бағалар кестесі;

3) техникалық ерекшелік;

4) ұсынылатын ілеспелі қызметтер;

5) ұсынылып отырған дәрілік заттардың, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың, фармацевтикалық қызметтердің осы Ережеде көзделген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілетін көлемін көрсету бойынша дәрілік заттарды, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялық) препараттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу ережесіне 5-қосымша

Әлеуетті өнім берушінің тендерлік өтінім бағасының кестесі

(әлеуетті өнім берушінің атауы, әрбір лотқа жеке толтырылады)

N	Мазмұны	Тауарлардың атауы
1	2	3
1.	Қысқаша сипаты	
2.	Шығарылған елі	
3.	Жасаушы зауыт	
4.	Өлшем бірлігі	
5.	Баға _____ бірлікке _____ ИНКОТЕРМС 2000 шарттары бойынша _____ (белгіленген пункті)	
6.	Саны (көлемі)	
7.	Барлық бағасы = _____ б.5 х б.6,	
8.	Жалпы бағасы, _____ ИНКОТЕРМС 2000 шарттары бойынша _____ белгіленген пункті, әлеуетті өнім берушінің тасымалдауға арналған, кеден бажын, ҚҚС және басқа төлемдер мен алымдарды, жинақтаушы бөлшектер мен міндетті қосалқы бөлшектер бағасын, бір өлшем бірлігіне пайдаланудың бастапқы мерзімі ішінде қызмет көрсетуге арналған барлық шығыстарды қоса алғанда, басқа да шығыстар. Әлеуетті өнім беруші басқа да шығыстарды көрсетуге құқылы, оның ішінде 8.1 8.2.	
9.	Жеңілдіктер берілген жағдайда оларды ұсыну мөлшері 9.1. 9.2	

Мен (Біз) Сіздердің тендерлік құжаттамада айтылған төлем шарттарыңызға келісе(мін) (міз). Төлемнің мынадай балама шарттарын ұсынамыз

_____ (егер олар болса)

_____ (төлемнің балама шарттары көрсетіледі)
немесе басқа шарттар (санамалау қажет: _____)
бұл ретте _____ мөлшерде жеңілдіктер ұсынамыз

_____ (ақшалай мәнде жазбаша түрде көрсету қажет)

_____ (лауазымы, тегі, әкесінің аты) _____ (Қолы)

М.О.

Ескертпе: әлеуетті өнім беруші 8-жолда көрсетілген жалпы бағаның құрауыш бөліктерін көрсетпеуі де мүмкін, бұл ретте осы жолда көрсетілген бағаны әлеуетті өнім берушінің барлық шығындарын ескере отырып тендерлік комиссия қарайды және қайта қарауға жатпайды.